

## СУЫҚ ҚАРУДЫ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Шакенов А.О.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды ұлттық зерттеу университеті Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика  
кафедрасының профессоры, з.ғ.к., профессор

Джусупова А.М.

Қарағанды облысы полиция Департаменті Жедел-криминалистикалық басқармасының криминалисі,  
полиция аға лейтенанты

Адилбек Ж.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды ұлттық зерттеу университеті заң факультетінің магистранты

Қазіргі уақытта суық қаруға жатады-ау деген объектілер көбіне тиісті рұқсатсыз дүкендер мен коммерциялық дүңгіршектерде еркін сатылып, кеңінен тарау салдарынан, нәтижесінде суық қаруды қолданумен байланысты қылмыстардың алдын алу мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сай, суық қаруды заңсыз алып жүру немесе саудалау, сондай-ақ суық қаруды, оның ішінде лақтырылатын қаруды заңсыз жасаған үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылған (ҚР ҚК-нің 287-бабының 1-тармағы; 288-баптың 4-тармағы). Сонымен қатар, кейбір баптарда қылмыс құрамының элементі, не саралау белгісі немесе іс үшін маңызы бар жағдай ретінде танылады, яғни қылмысты саралауға әсер етеді. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі 125-баптың, 2-бөл. «4» тармағы; 125-1-баптың, 2-бөл. «1» тармағы; 126-баптың, 2-бөл. «4» тармағы; 128-баптың, 2-бөл. «4» тармағы; 135-баптың, 2-бөл. «4» тармағы; 173-баптың, 2-бөл.; 192-баптың, 2-бөл. «4» тармағы; 255-баптың, 2-бөл. «2» тармағы; 261-баптың, 2-бөл. «4» тармағы; 268-бап; 269-баптың, 2-бөл. «4» тармағы; 269-1-баптың, 2-бөл. «3» тармағы; 270-баптың, 2-бөл. «4» тармағы; 271-баптың, 2-бөл.; 272-бап; 286-бап; 287-баптың, 1-бөл.; 288-баптың, 4-бөл.; 293-баптың, 3-бөл.; 362-баптың, 4-бөл. «2» тармағы; 426-баптың, 2-бөл. «3» тармағы; 438-баптың, 2-бөл. «2» тармағы; 439-баптың, 2-бөл. «2» тармағы; 440-баптың, 3-бөл. «3» тармағы тәріздес қылмыс құрамдары [1].

Заң шығарушы құқықбұзушылық үшін қылмыстық жауапкершілік белгілегенде, суық қаруды қолданумен немесе қолданамын деп қорқытумен байланысты іс-әрекеттердің қоғамға аса қауіпті екендігін ескерген. Мұндай іс-қимылдар жәбірленушіге дене жарақатын салу үшін арнайы бағытталған немесе икемделген заттар, яғни суық қару түрлерімен тікелей байланысты.

Суық қарудың қылмыстық-құқықтық мағыналылығына қатысты тәжірибеде кездесетін пікірталастық мәселелердің бірі ретінде, жеке адамдармен суық қаруға жатпайтын пышақтарды өзімен бірге алып жүрудің қоғамға қауіптілігін атап өтуге болады. Оның себебі – мұндай объектілермен адам өлтіріп немесе оған ауыр дене жарақатын келтіру әбден мүмкін. Осы орайда кейбір мамандар суық қару мен үй-тұрмыстық пышақтардың арасына айырмашылық жасамай, заңнамаға «қаруланған» деген түсінік енгізуді ұсынған. Біздің ойымызша, мәселені осындай жолмен шешуге негіз жоқ. Біздің ойымызша, адамға дене жарақатын келтіру немесе өлтіру үшін жерде жатқан кірпіш, сынық бөтелке, іші кітапқа толы портфельде жеткілікті. Алайда, ешкім оларды бірге алып жүргені үшін қылмыстық жауаптылық белгілеуді қажет деп санамайды. Осылайша, қолданыстағы «Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы №3 Нормативтік қаулысында атап өтілгендей «...Қылмыс орнынан алынған, денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы бейімделмеген заттарды қолдану немесе қолдануға әрекеттену ҚК-нің 293-бабының үшінші бөлігінің белгілері бойынша саралауға негіз бола алмайды» [2].

Бірқатар құқық бұзушылықтар шеңберіндегі іс-қимылдарды саралау көбіне күдіктіден алынған зат суық қаруға жатқан, жатпағандығына байланысты болады. Бұл сұрақты айқындаудың практикалық сипаты болып, криминалистикалық зерттеу нысанында арнайы білімді пайдалануға негізделген. Дегенмен, затты суық қаруға жатқызу, жатқызбауға қатысты тәжірибедегі құқықтық нормалар мен криминалистикалық ұсынымдарды қолдануда осы күнге дейін пікірталастар, әрі шешімін таппаған теориялық-қолданбалық сұрақтар жеткілікті.

Суық қару сараптамасы құқық қорғау органдарының криминалистикалық бөлімшелерінде

өткізілетін негізгі зерттеулердің бірі болып есептеледі. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және тергеу суық қару сараптамасы мүмкіндігін кеңінен пайдалану құқық қорғау органдарының қызметін арттыру жолында көп септігін тигізеді. Осыған орай суық қаруды криминалистикалық зерттеу тәжірибесіне ғылым мен техниканың қазіргі заманғы жетістіктерін әрдайым енгізіп отыру қажеттілігі артуда. Криминалистикалық зерттеулерді нәтижелі жүргізу, оның сапалық деңгейі практикалық қызмет үшін база болып табылатын теориялық, әрі әдістемелік негіздерді әзірлеп, ұсынуына байланысты болады. Осыдан шығар, суық қару сараптамасын ұйымдастыру және оны жүргізу әдістемесінің өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерделеу барған сайын маңыздылыққа ие болуда.

Суық қаруды сараптамалық зерттеуден өткізу проблемаларына көптеген ғалым-криминалистердің еңбектері арналған. Суық қаруды криминалистикалық зерттеудің дамып, жетілуіне елеулі үлес қосқан Н.И.Емельянов, М.Г.Любарский, А.Н.Самончик, Д.П.Рассейкин, Ю.П.Голдованский, Х.М.Тахо-Годи, А.И.Устинов, Е.Н.Тихонов, В.М.Плескачевский, А.С.Подшибякин сынды авторларының жұмыстары ерекше назар аударуға лайық [3; 15-23]. Сонымен қатар арнайы әдебиеттерді және сараптамалық практиканы талдау нәтижесі көрсеткендей, суық қаруды криминалистикалық зерттеу саласында шешімін таппаған теориялық-қолданбалық проблемалар әлі де пікірталастық мағынада, сараптамалық қызметті ұйымдастырумен байланысты бірқатар мәселелер жеткілікті тұрғыда қарастырылмаған. Бұл көрініс суық қаруды сараптамалық зерттеуден өткізуге тиісті көңіл бөлінбей, суық қаруды криминалистикалық зерттеу ілімін криминалистикалық техниканың өз алдына бөлек саласы ретінде өмір сүруіне қатысты ғалым-криминалистердің әртүрлі ой-пікірлерінің қалыптасуынан туындап отыр.

Суық қаруды криминалистикалық зерттеуді сот баллистикасына, трасологияға жатқыза отырып, ұзақ уақыт бойы оның жеке орны анықталмай келді. Мұндай көзқарас идентификациялық зерттеу ретіндегі суық қарудың криминалистикалық сараптамасының теориялық негіздерін қалыптастыруда көрініс тауып, суық қарудың диагностикалық белгілерін жіктеу, оларды бірыңғай бағалау сұрақтары ғалымдардың назарынан тыс қалды. Сараптамалық тәжірибеге жүгінсек, суық қару жіктемесі кейінгі жылдары зерттеуге келіп түсіп жатқан объектілердің жаңа түрлерімен толықтыруды қажет етеді. Жаңа технологияларды пайдалану негізінде ғылымның қарқынды дамуы, суық қару сараптамасын қазіргі заманғы деңгейде жүргізу талаптары суық қару сараптамасын жүргізу әдістемесі бойынша бірқатар ұсыныстарды жетілдіру қажеттілігін көрсетіп берді. Осыдан суық қаруды криминалистикалық зерттеуде бағдарламалық тәсілдерді қолданып, оны жүргізу процесін алгоритмдеу қажеттілігі туындап отыр.

2025 жылдың 23 маусымында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде жасанды интеллектпен жұмыс істейтін жедел басқару орталықтарын ашуды тапсыра отырып, «...Жалпы, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласына цифрлық технологиялар мен басқа да озық шешімдерді енгізуді жалғастыру керек. Мұнда салалық министрлік негізгі рөл атқарады. Жұмыс үдерісін барынша цифрландыруды тапсырамын. Бұл тиімділікті арттырып, жемқорлық тәуекелдерін азайтады. Жасанды интеллект технологиялары құқық қолдану тәжірибесін стандарттауға көмектеседі. Бұл, өз кезегінде, бірдей қылмыстық әрекет мүлде әртүрлі бағаланатын және азаматтарды қылмыстық процеске негізсіз тартатын жағдайды болдырмауға мүмкіндік береді», - деді ол [4]. Қазіргі кезде еліміздегі қолға алынған іс-шаралардың біріне Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен «Е-сараптаманы» сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімімен интеграциялауды атап өтіп, оның сараптамаларды тағайындау процесін едәуір жеңілдеткенін байқауға болады. Зерттеулердің дәлдігі мен жылдамдығын арттыру үшін жасанды интеллект технологияларын қолданатын «Е-сараптама 2.0» құру жұмыстары жүргізілуде.

Сараптама тәжірибесіне компьютерлік техниканы енгізу арнайы автоматтандырылған ақпараттық-анықтама жүйелерін құрастыруға алғышарт болды. Оларды суық қару сараптамасында қолдану үшін ақпараттық қайнар көздерді бір жүйеге келтіру және анықтама-деректік қорды қалыптастыру қажет. Суық қарудың мұндай қорын қалыптастыру маңызды ғылыми, әрі практикалық міндет болып саналады. Қажетті ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және іздеу ыңғайлылығы сараптама жүргізу кезінде тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Мәліметтерді іздеуді тездету және жеңілдету мақсатында компьютерлік техниканы қолдану суық қаруды криминалистикалық зерттеуді ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін арттыру бағыттарының бірі болып саналады. Сараптамалық зерттеулерді ақпаратпен қамтамасыз етудің заманауи деңгейі ғылым мен техника жетістіктерін мейлінше қолдана отырып, бүкіл ақпараттық қызметті компьютерлендіруді талап етеді. Аталған нысан сарапшыларды бірқатар уақытты талап ететін операцияларды орындаудан

босатып, қажетті ақпаратты іздеумен байланысты процесс жылдамдатылады, мәліметтер қорын сақтау сұрағы шешіледі. Суық қару бойынша анықтама-ақпараттық электрондық жүйенің басты артықшылығы – оның ұтқырлығы. Анықтама-ақпараттық қорды әрдайым толықтыру, өзгерістер енгізу және қажет болғанда, графикалық суреттер алу мүмкіндігі пайда болады.

Анықтама-ақпараттық қордың осындай нысанын құру, дамыту және жетілдіру міндеттерін шешу үшін арнайы компьютерлік бағдарлама дайындау қажет. Мұндайда ІТ-саласының маманы және суық қару бойынша сарапшы-криминалист тарту керек. Сараптамалық зерттеуде компьютерлік бағдарламаларды қолдануда құқықтық регламенттеуге қатысты бірқатар сұрақтар туындайды.

Жоғарыда аталған бағдарламаларды құрастыру кезінде ескерілетін мәселелерге тоқталып өтсек. Бірқатар қылмыстарды тергеудегі іс жүзіндегі қызметте пайда болатын мәселелерді нәтижелі шешу үшін, іс бойынша қаралатын заттың, суық қарудың нақтылы бір түрі екендігін сипаттайтын белгілердің жиынтығымен қамтамасыз етілгендігін анықтау қажеттілігі туындайды. Сот-тергеулік және сараптамалық тәжірибесін талдаудың нәтижесі көрсеткендей, нақтылы затты суық қаруға жатқызудың көпшілік қателіктері, бұл мәселе тек дедукциялық әдіс негізінде ғана шешілгеннен туындап отыр. Дәлірек айтқанда, бұл зат туралы жаңа білім (ол суық қаруға жатады), суық қаруға жататын барлық заттар жиынтығы туралы бар білімдердің негізінде алынып, сонан соң барып осы зерттеудегі заттың суық қаруға жататын түрі және нақтылы бір түрі анықталады. дедукция әдісі, индукция әдісі қолданылып, зерттеуші жалпы қағидалардың азғана білімінен, жалпы қағидалардың көбірек біліміне қарай өтетінін айтуға болады. Бұл суық қару зерттеуіне қатысты былайша түсіндіріледі: зерттеудегі заттан алдымен өзіне тән белгілер айқындалады, сонан соң бұл белгілер суық қарудың бірқатар түрлеріне тән, елеулі белгілермен салыстырылады да, зақым келтіре алатын қасиеттермен қамтамасыз етілген, бірақ суық қаруға жатпайтын, жоғарыда аталған затқа ұқсас заттармен де салыстырылады. Осы айқындалған дәлдік пен айырмашылықтарды талдау нәтижесінде, зерттеудегі заттың елеулі белгілер жиынтығы бойынша нақтылы заттар тобымен ұқсастығы бар деген қортындыға келеміз. Аталмыш нақтылы заттар тобына, мысалы, нақтылы конструкциясы бар аңшы пышағы немесе үй шаруасы мақсатындағы пышақтарды жатқызуға болады. Аңшы пышағы суық қаруға жататын, ал үй шаруасындағы пышақтар суық қаруға жатпайтын болғандықтан, бірінші жағдайда зерттеудегі зат дәлелді түрде суық қаруға жатады, ал екінші жағдайда ондай тұжырымға келу мүмкіндігі болмайды.

Жоғарыда аталып өткен зерттеулердің бәрі белгілі бір топты анықтау мақсатында негізгі қалыптасқан криминалистикалық зерттеулер сатыларынан өтеді: бөлек зерттеу, салыстырмалы зерттеу, алынған нәтижелерге баға беру және қорытынды жасау [5; 84].

Әрине, мұндай сатыларға бөлудің, кейде шарттық сипаты болып, тиісті білімі және тәжірибесі бар сарапшы не маман бір қарағаннан-ақ заттық дәлелдемеге бөлек зерттеу басында ойша баға беріп, суық қарудың өзіне белгілі үлгілерімен және суық қаруға жатпайтын, шаруашылық заттарымен салыстыру нәтижесінде бір немесе бірнеше болжамдар құрастырылады да, бүкіл зерттеу барысында тексеріліп отырады.

Объектілер жалпы конструкциясының мықтылығы, қолдану кезіндегі ыңғайлылығы және қолданушы адамның өзіне жарақат келтірмей, бірнеше рет пайдалану нәтижесінен бүлініске ұшырамай, сонымен қатар коллекцияда оның үлгісі болса, онда зерттеушіге мұндай затты суық қару қатарына жатқызудың қиыншылығы болмас еді. Бірақта бұрын айтып кеткендей, барлық даналар коллекциясын жинақтау өте қиынға түседі. Сондықтан зерттеудегі объект суық қару үлгілері мен басқа да үй-шаруашылық заттардың арасында болмаса, онда топтық белгілер арқылы объектінің суық қаруға жататындығын анықтау өлшемін қолданамыз.

Біздің ойымызша, суық қаруға тек тірі не басқа да нысанаға зақым келтіретін мақсатпен бағытталған және суық қарудың барлық топтық белгілерін өзіне қамтыған заттарды ғана жатқызуға болады деп есептейміз.

Ғылыми зерттеулерде және сарапшылар мен мамандардың қызметтерінде қазіргі уақыттағы зерттеу әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану, математика, кибернетика идеяларының енуі және жүйелік-құрылымды талдауларды пайдалану, сараптаманың теориялық және практикалық сұрақтарын шешудегі жаңа амалдарды қалыптастырады. Жаңа техникалық құралдар практикалық қызметті қазіргі жағдайға сәйкес өзгертеді, зерттеулердің шыншыл болуына бағытталған жаңа әдістердің даму жолдарын анықтайды, сарапшылар қорытындысының ғылыми дәлелдігін арттырады және криминалистикалық сараптамалар мүмкіндігін кеңейтеді.

Суық қарудың криминалистикалық зерттеуден өткізу сұрақтарын шешудегі жағдайларды анықтау және дәлдеу барысында программалық әдістеме құрастыру арқылы зерттеуді автоматизациялау мүмкіндіктері пайда болып жатыр. Қазірде ғылыми-техникалық прогресстің алға басуының салдарынан және компьютерлік технологиялардың кеңінен тарауына байланысты зерттеулер жүргізудің, оның арасында объектілерді суық қаруға жатқызу мақсатындағы зерттеулерде жаңа техника-криминалистикалық құралдарды ойлап табу және жетілдіру әрекеттері қарқынды жүргізілуде. Қару сұқпасының мықтылығы мен қаттылығын тексеретін құрылғы бұрыннан бар. Сонымен қатар, қолданыстағы электронды анықтама-классификаторларда ескі қарулар (алебарда, бердыш тәрізді) және лақтырылатын суық қарулар (арбалет, садақ, бумеранг т.б.) шоғырланған.

Ғылыми-техникалық әдіс-құралдарды тиімді қолдану мақсатында, қылмысты тергеуде, оның арасында суық қарумен байланысты қылмыстарды тергеу барысында жаңа әдістемелерді пайдалану және енгізумен қатар, іс жүзіндегі барларын жетілдіру мен суық қару криминалистикалық сараптамасының объектілерін анықтайтын жоғарыдағыдай әдістемелерді жасау қажеттілігі туындап отыр. Мұндай жетістіктер құқық қорғау қызметкерлерінің жұмыстарында көп көмек көрсетер еді. Осылайша, жаңа технологияларды пайдалану негізінде ғылымның суық қару сараптамасын қазіргі заманғы деңгейде жүргізу бойынша бірқатар ұсынымдар:

– қазіргі заманғы техникалық құралдар кешенімен жабдықталған суық сараптамасын жүргізетін сарапшы-криминалистің автоматтандырылған жұмыс орнын қалыптастыру жұмысын қолға алған жөн;

– мұндай жұмыс орындары сараптамалық зерттеулерді мүлдем жаңа деңгейде жүргізуге мүмкіндік беретіні сөзсіз;

– кешен құрамында үлкен фотосуреттерді өңдей алатын заманауи компьютер;

– 3D-форматта зерттеуге арналған микроскоп;

– сараптамалық объектілерді өңдеуге бағытталған 3D-сканер;

– объект бейнелерін басып шығра алатын 3D-принтер;

– заманауи сарапшының жұмыс орны арнайы байланыс каналына қосылып, ол арқылы сараптама жүргізуге қажетті ақпаратты жіберу мүмкіндігі болу керек. Осының барлығы суық қаруға қатысты сараптамалық зерттеуді автоматтандыруды, әрі оңтайландыруды қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, суық қаруды зерттеу кезінде сарапшы немесе маманның алдында тұратын мәселелерге объектіні суық қаруға жатқызу және өзара қимыл барысында жанасу оқиғасын анықтау жатады. Сараптамалық қызметтің қазіргі кезеңінде криминалистерде кең ауқымды міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін ғылыми негізделген әдістердің кең жиынтығы бар. Сараптамалық зерттеулердің жаңа әдістемелерін әзірлеу және қолданыстағыларын жетілдіру, сондай-ақ криминалистикалық ғылымның жетістіктерін ұдайы енгізу және қазіргі заманғы жабдықтарды пайдалану тергеу органдары мен сотқа жәрдем көрсетуде криминалистикалық сараптамалар, оның ішінде суық қарудың криминалистикалық зерттеуінің мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететіні сөзсіз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. (2025 жылғы 16-қыркүйектегі өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес). – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.

2. «Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы №3 Нормативтік қаулысы. – Қолжетімділік режимі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000003S\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000003S_)

3. Шакенов А.О. Суық қарудың криминалистикалық зерттеуі: Оқулық құрал – Астана: «Фолиант», 2001. – 96 б.

4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде сөйлеген сөзі. 2025 жылғы 23 маусым. – Қолжетімділік режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kukyk-korgau-organdarynyn-keneytilgen-alka-mazhilisinde-soylegen-sozi-2352317>.

5. Шакенов А.О. Криминалистика: Дәрістер курсы (электрондық). – Қарағанды: Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, 2020. – 377 б.